

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (3)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендерович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilleminot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



ӘДІСНАМА / МЕТОДОЛОГИЯ / METHODOLOGY


Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 3, pp. 438-453, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 05:11:27
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_438-453

ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМЫТУ ТҮРҒЫСЫНАН

Қастер Сарқытқан^{1*}, Дүкен Мәсімханұлы²

^{1,2}Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (Құрманғазы көшесі 29 үй, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы)

¹Г.ғ.к., профессор, жетекші ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0002-2270-4549>. E-mail: kaster0102@mail.ru

²ф.ғ.д., профессор, институт директоры
 <https://orcid.org/0000-0001-9326-1303>. E-mail: masimkhan-63@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Сарқытқан, Мәсімханұлы, 2023

Андатпа. *Kipisne.* Мақалада «диаспора» және «ирредент» сөздерінің тілдік мәні мен тарихи мағынасы және диаспорология туралы соның ішінде, қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің қалыптасуының географиялық, тарихи себеп-салдарлары қарастырылған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Әлемнің қырықтан артық елінде өмір сүріп жатқан 5 млн-ға жуық этникалық қазақтарды осы екі түрлі ғылыми анықтама бойынша жеке-жеке статустарын айқындап, Қазақстан үкіметінің сыртқы саясатында осы айырмашылыққа мән берудің қажеттілігін атап көрсеткен. *Нәтижелер.* Қазақстан Республикасының «мәңгілік ел» ұлттық ұстанымының орындалуында қазақ диаспорасының алатын маңызына баға беріліп, шетелдегі қандастарды (оралмандарды) отанға оралтуға бағытталған мемлекеттің саясат пен заңдық-құқықтық негіздер түсіндірілген. Одан соң, тарихқа көз жіберіліп, қазақ диаспорасының пайда болуының түрлі тарихи, әлеуметтік, саяси және экономикалық себептері талқыланған. Оның ішінде қазақ диаспорасының қалыптасуындағы XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығынан бастап XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы ашаршылық кезеңдеріне дейінгі даму барысы тұжырымдалған. Әрбір кезеңнің тарихи ерекшелігі мен сол кезеңге сайкес, өзге жат елдерге қоныс аударған қазақтардың негізгі бағыт-бағдары да ашып көрсетілген. *Қорытындылар.* Мақала Қытай Халық Республикасының (Қытай) Шынжаң ұйғұр автономиялы ауданы (Шынжаң) құрамындағы Іле қазақ автономиялы облысының жалпы аумақтық-әкімшілік жағдайы мен халқының географиялық қоныстану және этникалық құрамы сипатталған. Іле қазақ автономиялы облысында қоныстанған қазақтарының саны, аумақтық-әкімшілік бөлініс бойынша орналасу ерекшелігі қарастырылған. Шынжаң ауданының Қытай үшін маңызды геосаяси және геоэкономикалық орынға ие екендігі осы Іле қазақ автономиялы облысы негізінде көрсетілген.

Түйін сөздер: диаспора, ирредент, демографиялық өсім, қазақ диаспорасы, көші-қон мәселесі, тарихи кезеңдер, қоныстану географиясы. Іле қазақ автономиялы облысы.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «ҚКП-ның азсанды ұлттар саясатының Шынжаңда атқарылуы: тарихы, бүгінгі және келешегі» тақырыбындағы 2022-2024 жж. гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі ЖТН АР14869734).




Дәйексөз үшін: Кастер Саркытқан, Дүкен Мәсімханұлы Қытай қазақтары және диаспора мәселесі: геосаяси және аймақтық қарым-қатынастарды дамыту тұрғысынан // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 3. 438-453 б. (қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_438-453

CHINESE KAZAKHS AND THE PROBLEM OF DIASPORA: FROM THE POINT OF VIEW OF THE DEVELOPMENT OF GEOPOLITICAL AND REGIONAL RELATIONS


Kaster Sarkytgan^{1}, Duken Masimkhanuly²*

^{1,2}R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies (29 Kurmangazy Street, Almaty, Republic of Kazakhstan)

¹PhD, professor, leading researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-2270-4549>. E-mail: kaster0102@mail.ru

²Ph.D., professor, director of the institute

 <https://orcid.org/0000-0001-9326-1303>. E-mail: masimkhan-63@mail.ru

Annotation. *Introduction.* The article deals with the linguistic meaning and historical meaning of the word's "diaspora" and "irredenta" and about diasporology, including the geographical and historical reasons for forming the Kazakh diaspora and irredents. *Goals.* He also defined the individual statuses of about 5 million ethnic Kazakhs living in more than forty countries according to these two different scientific definitions. He emphasized the need to pay attention to this difference in the foreign policy of the government of Kazakhstan. *Results.* At the same time, the article evaluates the importance of the Kazakh diaspora in implementing the national position of the Republic of Kazakhstan "eternal country". It explains the policy and legal framework of the state aimed at returning relatives abroad (returnees) to the homeland. After that, the historical, social, political and economic reasons for the emergence of the Kazakh diaspora were discussed. In it, the development process of the formation of the Kazakh diaspora from the Dzhongap invasion in the 18th century to the period of the tsarism in the 30th year of the 20th century was formulated. The historical features of each period and the main orientations of Kazakhs who migrated to other foreign countries according to that period are also revealed. *Conclusions.* The article describes the general territorial-administrative situation and geographical settlement and ethnic composition of the population of the Ile Kazakh Autonomous Oblast within the Xinjiang Uyghur Autonomous Region (Xinjiang) of the People's Republic of China (China), where there is a large share of ethnic Kazakhs abroad, and the total number of Chinese Kazakhs concentrated there, territorial-administrative. The feature of location by division is provided. Xinjiang district has an important geopolitical and geoeconomic position for China based on this Ile Kazakh Autonomous Oblast.

Keywords: diaspora, irredent, demographic growth, Kazakh diaspora, migration problem, historical periods, geography of settlement. Ile Kazakh Autonomous Oblast.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2022-2024 entitled: «Implementation of the CCP's minority policy in Xinjiang: history, present and future» (Registration number ZTN AR14869734).


For citation: Kaster Sarkytgan, Duken Masimkhanuly. Chinese kazakhs and the problem of diaspora: from the point of view of the development of geopolitical and regional relations // Otan tarikhy. 2023. Vol. 26. No. 3. Pp. 438-453 (Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_438-453

КИТАЙСКИЕ КАЗАХИ И ПРОБЛЕМА ДИАСПОРЫ: С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ РАЗВИТИЯ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ И РЕГИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ


Кастер Саркытқан^{1}, Дүкен Масимханұлы²*

^{1,2}Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Курмангазы, 29)

¹кандидат географических наук, профессор, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-2270-4549>. kaster0102@mail.ru

²доктор филологических наук, профессор, директор института

 <https://orcid.org/0000-0001-9326-1303>. masimkhan-63@mail.ru



Аннотация. *Введение.* В статье, рассматриваются языковые и исторические ценности диаспор и ирредентов которая является научной исследовательской области диаспорологии, а также показаны историко-географические причины формирования казахской диаспоры и ирредентов. *Цель и задачи исследования.* Введение в статье описывает значение Казахской диаспоры в становлении прочной независимости Республики Казахстан и объясняет законы государственной политики в отношении вернуть на родину всех сородичей которые живут за границей (оралманов). *Результаты.* После рассматривается разные исторические, социальные, политические и экономические причины становления Казахской диаспоры. Описываются процесс развития Казахской диаспоры начиная с жонгарских битв в XVIII веке, до голода в 30 годы XX века. Также детально рассматриваются исторические обстоятельства и трудные дни которые пережил народ в этот период, исторические особенности каждого периода и главные цели казахского народа кочевавших в другие земли. Также раскрываются исторические особенности каждого периода и основные ориентиры казахов, переселившихся в другие зарубежные страны согласно этому периоду. *Выводы.* В статье описывается общее территориально-административное положение, географическое расселение и этнический состав населения Иле-Казахской автономной области в составе Синьцзян-Уйгурского автономного района (Синьцзян) Китайской Народной Республики (КНР). Приведены численность казахов, расселенных в Иле-Казахской автономной области, особенности размещения по территориально-административному делению. Синьцзянский район имеет важное геополитическое и геоэкономическое положение для Китая на базе этой Иле-Казахской автономной области.

Ключевые слова: диаспора, ирредент, демографический рост, казахская диаспора, миграционная проблема, исторические периоды, география расселения. Иле-Казахская автономная область.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан 2022-2024 гг. под названием: «Реализация политики меньшинств КПК в Синьцзяне: история, настоящее и будущее» (регистрационный номер IPH AR14869734).

Для цитирования: Кастер Саркыткан, Дукен Масимханулы. Китайские казахи и проблема диаспоры: с точки зрения развития геополитических и региональных отношений // Отан тарихы. 2023. Т. 26. 3. С. 438-453. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_438-453

Кіріспе. Бүгінгі күні әлемнің 40-тай мемлекетінде шамамен 5 млн-ға жуық қазақ өмір сүріп жатыр (Досан Баймола, 2015:192). Оларды, тұрған еліне қарай ирреденттер және диаспора деп бөліп қарастыруға болады. Неліктен бөліп қарастырамыз? Себебі, екі түрлі статустың саяси және әлеуметтік мәртебесі екі түрлі. Сөздік мәні жөнінен қарастырсақ, диаспора грек тілінен аударғанда “шашырау” - деген ұғымды білдірсе, ирредент сөзі италиян тілінде “азаттығы жоқ”-деген сөзінен алынған. Демек, диаспора – халықтың бір бөлегінің өздерінің ата-мекендерінен, тұрғылықты жерінен түрлі себептермен кудалауға ұшырап, басқа елдерге мәжбүрлі қоныс аударуынан қалыптасқан қандастар. Ал ирреденттер – тарих, қоғамдық-саяси жүйелердің өзгеруімен, қайтадан сызылған шекара бөлінісі жағдайында, жат елдің иелігінде қалып қойған, өздерінің бұрынғы атақонысында жасап жатқан, тарихи отанынан бөлініп қалған азаматтарға қаратылады немесе көрші елдің құрамында болса да, өзінің тарихи жұртында отырған қандастар. Мәні жағынан алып қарағанда, үлкен айырмашылыққа ие ұғымдар. Өкінішке орай, қазір үкімет тарапынан да, ғылыми ортада да жалпы шетелде тұратын этникалық қазақтарын тұтас «қазақ диаспорасы» деп атап жүр. Бұл ғылыми түсінік тұрғысынан дұрыс емес көзқарас.

Себебі, қазіргідей әлемдік геосаясат сан құбылып тұрғанда ғылыми терминге дұрыс әрі нақты жауап берудің маңызы зор. Бұл мемлекеттің халықаралық қатынастардағы бағыты мен ұстанымын айқындайтын көзқарастың бірі. Олай болмағанда, мемлекеттердің сыртқы қарым-қатынас ынтымақтастығын күшейтумен бірге түрлі арандатушылықтың көзіне де айналуы мүмкін (Меңдікұлова, 1997:). Диаспораның пайда болуы мен даму тарихы және өзгеріс барысын сондай-ақ өзіндік мәдениетін, тұрмысы зерттейтін ғылым саласы - диаспорология ғылымы қалыптасты. Осы ғылымның зерттеуінде дүниежүзіндегі диаспоралардың



қалыптасуының төмендегідей топтарын анықтауға болады (<http://kk.wikipedia.org/wiki/диаспора>):

Кесте 1- Әлемдік диаспора түрлерінің жіктелуі.
Table 1- Classification of types of world diaspora.

Реті	Топтары	Сыйпаты	Ұлттар
1	Бірінші топ	туған жерінде қудалауға ұшырап, күш қолданылуы салдарынан туындаған мәжбүрлік	еврей, армян, ирланд, орыс, қазақ
2	Екінші топ	отарлық көші-кон салдарынан қалыптасқан түрі	британ, неміс, португал, испан, орыс
3	Үшінші топ	еңбек миграциясы диаспорасы	қытай, итальянүнді
4	Төртінші топ	кәсіби бағытта (бизнес, сауда) қалыптасқандары	жапон, қытай
5	Бесінші топ	"мәдени" миграция түрі бойынша қалыптасқандары	латын-американдық, үнділік, қытайлық

Ал, ирреденттерге жататын ұлттарда аз емес. Оның ішіне қазақтар да қамтылады. Сондықтан біздің халық екі түрлі статустың әр екеуінде бар. Бірақ, олардың қоныстанған аймақтары бөлек. Мысалы, іргелес елдердегі қазақтар (Қытай, Моңғолия, Ресей, Орталық Азия елдері) ирреденттер санатына жатады. Әлемнің басқа жерінде тұратындар - диаспоралар санатына кіреді. Сондықтан ирредент қазақтар өздерінің ата-қонысында отырғандар. Оларды диаспоралармен шатастырмауымыз керек. Бұл екеуінің екі түрлі мәнге ие екендігін 1997 жылдың 11 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңында жазылған: диаспора халықтың өзінің тарихи отанынан тыс жерде өмір сүретін бір бөлігі-деген анықтамасынан аңғаруға болады («ҚР тілдер туралы» заңы, 1997).

Қазақстанда 2023 жылдың басында қазақтардың жалпы саны 14 млн-ға жуықтап, үлес салмағы 70,65 пайызға жеткенін ұлттық бюро статистикасының жыл сайынғы бюллетеніне сүйенген "Власть" сайты жазып отыр (<https://www.azattyq.org>, 06.05.2023). Бұған шетелде тұратын 5 млн асатын этникалық қазақтарды қосқанда, жалпы дүниежүзі бойынша 20 млн-ға жуық қазақ бар деп айтуға болады. Алайда, бұл сан халық саны көп елдердің бір ғана ірі қаласының халқымен шамалас. Өйткені, жер аумағы бойынша 200 мемлекеттің ішінде 9 орында тұратын ұлан-байтақ жерге ие болатын халық керек (*Сарқытқан, 2014*).

Географиялық орнына байланысты өтпелі климаттық сипатқа ие аймақта қоныстанған қазақтарда көне европидтық және кірмелік сипаттағы моңғолойдтық элементтер қатар кездеседі. Осындай географиялық ерекшелік халқымыздың айналасындағы елдердің әсеріне терең ұшырауына да себеп болды. XVII—XVIII ғасырлар мен XX ғасырдың ортасына дейінгі үш жүз жылға жуық созылған қиян-кескі тарихи оқиғалар қазақ диаспорасы мен ирреденттерінің қалыптасуына негіз болды. Бұл тарихи кезеңнің тағы бір қиянаты - алпауыт елдер өзара келісім арқылы қазақ халқының мүддесімен ешқашан санаспаған күйде, қазақ халқының тағдырына зор тағылық жасап, ата қонысын өзара бөліске салды. Осындай адами, рухани, аумақтық, экономикалық, құқықтық, діни тұрғыдан аса зор зардап шеккен халық өзінің табиғи болмысын жоғалтып алуға шақ қалды. Оның зардабын қазақ халқы әлі де тартып келеді. Диаспораның әлемдік қалыптасу түрлері бойынша қазақ диаспорасы - туған жерінен күштеп қудалау себепті қалыптасқан. Оған Бірінші президент Н.Ә. Назарбаевтың: «...қазақтар бет-бетімен таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемде-кем, алайда, бір ғасыр ішінде қазақтай тоз-тоз болған халық жоқ» - деген сөзі бұған дәлел болады (Нысанбаев, 2007: 42).

Географиялық ортаның адам денсаулығына, өмір философиясына, дүние танымына, мәдениетіне, шаруашылығына үлкен әсер ететіні белгілі. Осы тұрғыдан қарағанда, өтпелі географиялық сыйпатқа ие ортада жасаған қазақ халқының кез-келген ортаға бейімделу қасиеті жоғары болған. Сол себепті әлемнің көптеген еліне таралған қазақтар өзі барған елдің тілі мен мәдениетіне бейімделсе де, өзінің ұлттық құндылықтарын аман сақтап қалды және сақтап келеді де.



Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы – Республикадағы қазақтар үшін емес, шетел қазақтарының өмірі мен мамандығына, тағдырына көп жаңалықтар мен өзгерістер ала келді. Халқымыздың өткен тарихы мен мәдениетіне жаңа көзқарас тұрғысынан талдау жасау мүмкіндігі туды. Оған Қазақстан үкіметінің қолдау көрсетуі мен түрлі бағдарламаларының пайдасы зор болды. Мәселен, Бірінші президент 2002 жылы 23 қазанда Түркістанда өткен Дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайында да: «Қазір Қазақстаннан сырт жерлерде қазақтардың саны бес миллионнан асады. Міне, осыны ойлағанда 40-тан астам шетелдерде тұратын бүкіл дүниежүзіндегі қазақтың үштен бірін құрайтын бауырларымызды ертең не күтіп тұр деген сауал көкірегімізде еріксіз оянады» (Назарбаев, 2002:12). Міне осындай үндеулер мен үкіметтің арнаулы бағдарлама арқасында 1991 жылдан 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін елімізге 1 млн. 77,3 мың этникалық қазақтар оралды. Бұл туралы «Отандастар қоры» мәлімдеп отыр.

Кесте 2 - Елге оралған қандастардың елдік үлесі және қоныстану географиясы (baq.kz/12.07.2021ж)
Table 2 - National share of relatives who returned to the country and geography of settlement
(baq.kz/12.07.2021)

Реті	Оралмандар келген елдер мен үлесі (пайыз есебімен)		Қоныстанған облыстар мен үлесі (пайыз есебімен)	
1	Өзбекстан	76,3	Түркістан облысына	15
2	Қытай Халық Республикасы	10,4	Алматы облысы мен қаласына	30,5
3	Моңғолия	2,7	Маңғыстау облысына	17,7
4	Түркіменстан	6,2	Жамбыл облысына	8
5	Ресей	2,4	Шымкент қаласына	11
6	Қырғызстаннан	1,2	Өзге өңірлер	40,1
7	Ираннан	0,5	Өзге өңірлер	17,8
8	Ауғанстаннан	0,3		

Еңбекке қабілеттілігі бойынша 55,6 еңбек жасындағылар болса, 18 жасқа дейінгілері - 39,9 пайыз, зейнеткерлер үлесі аз, нә бары 4,5 пайызды құраған. Жалпы орта білімі мен жоғары білімдерді қосқанда оралмандардың 90,2 пайызын құрайды (Қазақ әлем.кз. 16.01.2014). Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін, егемендігін нығайту және тарих алдындағы міндетін орындау үшін, түрлі тарихи және саяси-әлеуметтік жағдайларда мемлекет шекарасынан тысқары қалған этникалық қазақтарға көңіл бөле бастады. Оларды елге оралту мен қоныстандыруға байланысты 1997 жылы «Халықтың көші - қоны туралы» заң қабылданып, сыртқы және ішкі көші-қон саясаты реттеліп, түрлі бағдарламалар өндіріске енді. Елімізде “Көші-қон және демография” жөніндегі агенттік, облыстарда олардың басқармалары құрылды. Соның нәтижесінде, алыс және жақын шет елдерден қазіргі күнге дейін бір млн.-нан астам қандастарымыз елге оралды (Әкім Ысқақ, 2017). Осы заң аясында оларға “Оралмандар”-деген статус берілді. Статусқа сай, олар Қазақстанда оқуға, ұзақ мерзімде тұруға және баспана алуда, жұмыс істеуде Қазақстан азаматтарымен тең құқылы болды.

Алайда, әлемдік экономикалық дағдарыстың басталуы және оралмандар қоныстанған елдердегі саяси-әлеуметтік, құқықтық түйткілді мәселелерге байланысты біршама қиындықтар да қатар жүрді. Бірақ, мемлекеттің басты ұстанымы - Қазақстанның егемендігін мәңгілік ету болғандықтан, ораламандарды елге оралтып, қоныстандыру ел үкіметінің стратегиялық жоспарының маңызды бір тармағы болып қала берді. Өйткені, бүгінгі таңда шетелдерде шамамен 5 миллионнан астам қазақ ирреденттері мен диаспора өкілдері тұрады. Бұлар Қазақстан сынды жер аумағы кең, халқы аз, оның үстіне, айналасы алпауыт елдермен шектесіп жатқан ел үшін аса құнды адами ресурс және рухани байлық болып табылады. Себебі, қандастарға қолдау көрсету еліміздің ішкі және сыртқы саяси жағдайымен байланысы бар. Бастысы, Қазақстан Республикасы жер көлемі 2.724.900 шаршы шақырым болып, дүниежүзі бойынша тоғызыншы орында, әлемдегі ең үлкен ішкі құрылықтық ел. Халық саны 2023 жылдың 15 мамыры күнгі мәліметінде еліміздің жалпы халық саны - 19 млн 832,737 адамға жетті [stat.gov.kz//15.05.2023]. Халық саны бойынша әлемде 62-орында тұрмыз, жер



аумағы бойынша 9-орындамыз (9:62 қатынасы). Бұл алаңдатарлық қатынас формасы. Оның үстіне Қазақстан географиялық орны да күрделі. Сол үшін халық санының көп болуы аса маңызды. Ол мемлекеттің жан-жақты дамуына үлкен әсер етеді. Еліміз өкіметінің жоспары бойынша 2050 жылға барғанда халық санын 25 млн-ға жетпек, осы жоспардың ерете орындалуында этникалық қазақтардың оң ықпалын тиімді пайдалану дәуір талабы. Мысалы, еліміздегі халықтың жылдық өсімін 200 мың адам деп есептесек, бір млн. адамға көбею үшін бес жыл керек. Отыз жылдан бері келген этникалық қазақтар саны бір млн-нан артық болса, демек 5 жылдық табиғи өсімді қандастар беріп отыр деуге негіз бар. Оның үстіне олармен бірге ұмыт бола бастаған мәдениет, салт-сана, шаруашылық құндылықтар елге оралды. Халықаралық қатынас жанданды.

Соңғы кездерде әлемдік деңгейде қалыптасып отырған экономикалық және саяси-рухани дағдарыстар мен геосаяси жағдайлардың шиленісуі «Қазақ диаспорасы» тақырыбындағы зерттеулердің дамуына тың серпін беріп отыр. Өйткені, қазіргі күрделі геосаяси жағдайда еліміздің ең басты міндеті – Қазақстанның саяси және аумақтық тәуелсіздігін мәңгілік ету. Бұл қастерлі міндетті орындауға жергілікті халықпен бірге, алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыздың атсалысуы заман талабы. Қазіргідей өркениетті өмірде түрлі мәселелерді ғылыми және дипломатиялық тұрғыда қарастыру және шешу міндетті болмақ. Алайда ғылыми зерттеулер бір ізге түсіп, оң нәтижесін беріп жатыр деу әлі ерте. Оған қазақ диаспорасының таралған географиялық ауқымының кеңдігі мен түрлішелігі қол байлау болып отыр. Сондықтан оларды зерттеуді аймақтар, әлде мемлекеттер бойынша қарастыру тиіс. Алыс және таяу шет елдердегі қазақ диаспорасы өздерінің ұлттық мәдениетін, ұлттық дәстүрін, өмір салтын рухани байлығын, құндылықтарын сақтап қалуға барынша тырысып келеді. Әлем бойынша қазақ әдебиеті мен мәдениетінің 27 орталығы жұмыс істейді (Тоғжанов Е.Л., 2015: 342). Алайда, ұлт ретінде жойылып кету қаупі күн өткен сайын ушығып келеді. Сол үшін бұл жағдайды проблема ретінде қарастырып, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеуіміз керек. Сонда ғана қабылданған саяси шешімдер мен іс-шаралардың баянды болады. Осы тұрғыдан айтқанда, шетел қазақтарын жүйелі түрде, арнаулы ғылыми зерттеу мекеме аясында қарастырудың кезі келді.

Қолданылған мәліметтер мен зерттеу әдістері. Қазақ диаспорасы дегенге ғылыми тұрғыда алғаш болып анықтама берген отандық ғалымдар Ә.М. Нысанбаев пен Ә.Арғынбаев болды. Олар: Қазақ диаспорасы – өз елі мен жерінен, атамекенінен, Қазақстан аумағынан тыс жерлерге зұлматық саясаттың жүргізілуіне байланысты қуғындалған және бөлек этникалық ортада жасауға мәжбүр болған бір бөлім қандастарымыз – деп анықтама береді. Оған кейін өзге ғалымдар толықтыру енгізіп, төмендегідей анықтама берді. Қазақ диаспорасы дегеніміз – басқыншылардың шапқыншылығы, зұлматтық саясаттың салдарынан өз атамекенінен ажырап қалған, алайда, атамекендегі қазақтар мен тілі, әдет-ғұрпы, діні бір, материалдық және рухани мәдениетті ортақ қазақ ұлтының қандас бөлшегі. Соңғы анықтамаға басқыншылардың ұзақ уақыттық шабуылы деп айту арқылы қазақ диаспорасының қалыптасу тарихының тым арыда екенін, сонау XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығынан басталатынын айту екені түсінікті (Нысанбаев, 2012: 375).

Адамзат даму тарихына көз жібергенде, халықтар, ұлттар үнемі өзара кірігу және бөліну үрдісін басынан кешіріп отырған. Бұл жағдайды заңды, табиғи үрдіс ретінде қарау қажет. Бөліну нәтижесінде диаспора пайда болса, бірігу нәтижесінде халықтар мәдени және экономикалық тұрғыдан дамып отырған. Бірақ бұл екі жағдайда, әсіресе, бөліну жағдайы олардың еркінен тыс қалыптасып отырғандығын ескеру керек. Қазақ диаспорасының қалыптасуы да халқымыздың қалауымен болмаған. Оған түрлі тарихи кезеңдегі зұлмат жағдайлар басты себеп болғанын ұмытпағанамыз жөн.

Әлемнің әр түкпірінде шашырап жүрген қазақтардың ішінде халқымыздың болашақ дамуына қажетті әр саланың мамандарының жүргені анық. Олар еліміздің адами капиталының бір бөлімі ретінде қарастырылуы тиіс (Қастер, 2015: 4). Біз жер бетінде нақты қанша қазақтың бар екенін білмейміз. Әр елде, әркім түрліше мәлімет береді. Оның да өзіндік себебі бар. Мысалы, кей елдер азаматтарының ұлтын ашалап жазбайды. Ал енді бір мемлекеттер құрамындағы аз халықтардың нақты санын бұрмалап көрсетеді. Сол үшін дұрыс әрі нақты жауап алу мүмкін емес. Десекте, әлемдегі қазақтардың жалпы санының көп болуын қалаймыз. Сондай бір мәліметті түрік баспа сөзі жазды деген мәлімет алдым. Бұл 2012-2013 жылғы есеп



бойынша жер жүзінде 17 миллион 800 мыңнан артық қазақ бар екен (Әлемде 20 млн. қазақ бар, 2019) (3-кестеге қараңыз).

Кесте 3. Дүниежүзіндегі қазақтар қоныстанған елдер және ондағы қазақ ұлтының саны.
Table 3. Countries of the world inhabited by Kazakhs and the life of the Kazakh nation there.

№	Қазақтар қоныстанған елдер	Халық саны
1	Қазақстан	11млн. 287 мың
2	Өзбекстан	2 миллион 500 мың
3	Қытай Халық Республикасы	2 миллион 250 мың
4	Ресей Федерациясы	1 миллион 310 мың
5	Түркіменсан	125 мың
6	Моңғолия	120 мың
7	Иран	53 мың
8	Ауғанстан	45 мың
9	Түркия	30 мың
10	Германия	17 мың
11	Тәжікстан	16 мың
12	Украина	15 мың
13	Франция	15мың
14	АҚШ	10 мың
15	Беларуссия	5 мың
16	Канада	5 мың
17	Пәкістан	5 мың
18	Әзірбайжан	3 мың
19	Грузия	3мың
20	Молдва	3 мың
21	Литва	3 мың
22	Англия	2 мың
23	Белгия	2 мың
24	Швеция	1 мың
25	Эстония	1 мың
26	Армения	1 мың
27	Австралия	1 мың
28	Аустрия	900
29	Аргентина	700
30	Иордания	300
31	Израиль	200
32	Финляндия	64
Жалпы	21	17 млн. 800 мың

Жоғарыдағы кесте бойынша қарастырғанымызда, әлемнің көптеген елінде қазақ диаспорасының жасайтынын көруге болады. Осыдан, өзі азғантай халық, қалайша, кең байтақ даласына сыймай шетел асты? - деген заңды сұрақ туады. Оның тарихи тамыры терең себебі бар. Бастылары:


- Еліміздің қоныстанған географиялық аймағының Еуразиялық кеңістіктің ортасында орналасуы;
- Шұрайлы жері мен аса мол табиғи ресурстық әлеуетінің болуы;
- Жерінің ауқымдылығы мен халық санының аздығы;
- Экономикасының бір жақтылы, тек ауыл шаруашылығын негіз етуі;
- Тұрақты өндірістік, әскери қуатының болмауы;
- Айналасында алпауыт елдердің орналасуы. Міне осы факторлардың барлығы халқымыздың сан ғасыр тағдыр тауқыметін тартуына жеткілікті себеп болды.

Төмендегі картаға назар салатын болсақ, тарыдай шашылған қазақ халқының қоныстанған аймағы жұмыр жер бетінің тең жартысын иелеп жатқанын көреміз. Бұның өзі бар-жоғы 10 млн.нан алатын халықтың тартқан тағдыр тауқыметінің аз емес екенін дәлелдейді.



Басқаны айтпағанда, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы мен XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы ашаршылықтың салдарының өзі ұлтымыздың тең жартысынан айырылуға және босып шетел асуына зор зардабын тигізді. Әрине қазақ диаспорасының пайда болуы, бұлардан басқа да көптеген күрделі, ұзаққа созылған себептердің салдарынан болғаны анық. Жалпы XVIII ғасырдан XXI ғасырдың басына дейінгі халқымыздың даму тарихына көз жібергенде, шетел қазақтарының пайда болуы көптеген оқиғалардың салдары мен себебінен пайда болғанын көруге болады.

1 сурет. Дүниежүзі картасындағы қазақтар қоныстанған аймақтар.
Figure 1. Regions inhabited by Kazakhs on the world map.



Қазақ диаспорасының пайда болуын, таралуын және оның себебін зерттеген ғалымдар ел іші-сыртында болды. Мәселен Кеңес Одағы тұсындағы тарихшылар Қазақстанның XVII-XVIII ғғ. Арасындағы кезеңді зерттеу барысында осы тақырыпқа бәрібір соғып отырды. Оның ішінде қазақтар мен жоңғарлар арасындағы қатынасты зерттеуде қазақ диаспорасының зерттелуі ауқымды болды. Ағылшын тарихшысы Годфри Лиастың “Қазақтардың шығуы” атты 1956 жылы жарық көрген еңбегі Қытай қазақтарының Тибет асып, Үндістан мен Пәкістанға жеткен тарихы туралы жазады. Тағы бір ғалым Милтон Дж. Кларк “Қазақтар еркіндікке қалай ұмтылды” (Milton, 1954) - атты еңбегінде қазақтардың бостандыққа ұмтылған жанқиярлық асқақ рухын жазады. Бұлардан басқа да батыстық ғалымдар қазақ диаспорасы туралы зерттеулер жасады. Айтар болсақ, Finke P. “Nomadenim Transformations process” Lit - Verlag, 2004. Portish A., Werner C. “The Kazakhs of Western Mongolia” Asian Ethnicity. 2010. № 11(2). еңбектерін атауға болады. Осылардың қатарында қазақ босқындары туралы жазған ғалымның бірі - Diener A. болды. Ол өзінің “One Homeland or Two? The Nationalization and Transnationalization of Mongolia’s Kazakhs”- атты еңбегінде, сол кездегі Моңғолия қазақтарының тауқыметті, тартысқа түскен тағдыры туралы былай деп жазды: “...on the complex case of the Kazakhs of Mongolia. Pushed out of the Soviet Union, then courted by the leaders of a new post-Soviet nation—the first-ever country named after them—and facing a newly urbanized, somewhat Russianized, and culturally Sovietized homeland, Mongolia’s Kazakhs have had to figure out whether they can be better Kazakhs in Kazakhstan or in Mongolia, and then how much they identify as Kazakhstanis and how much as Mongolians” (Diener, 2009: 405).


Қазақ диаспорасының ендігі бір шоғыр еңбектері - Түркия жерінде жазылды. Олар атамекеннен айырылып, түрік жеріне жеткен боздақтардың жан жүрегінен шыққан естеліктер еді. Оның ішінде Хасен Оралтайдың “Түрік қазақтары” - атты түрік тіліндегі 1976 жылғы еңбегін, Хыдырбек Ғаритулланың “Алтайдағы қанды күндер” атты 1977 жылғы еңбегін, Халифа Алтайдың “Ата жұрттан Анадолыға” - 1981 жылы, және “Алтайдан ауған ел” Алматы, 2000 жылы еңбектерін атауға болады.

Қазақ диаспоралары туралы мәліметтер ең алдымен 1930 жылдары шетелдік басылымдарда жариялана бастады. Мәселен, журналдардан: “Прометей”, “Ени Туркестан”, газеттерден: “Возрождение”, “Таймс”, “Морнинг Пост”, “Геральд Трибюн” атауға болады (Shokai, 2013:7).



2 Сурет - Қытай қазақтарының тар-жол тайғақ кешіп, үндістанға жеткен жол картасы (Godfrey Lias, 1956).

2 Picture. The road map of the Chinese Kazakhs who reached India through a narrow and slippery road (Godfrey Lias, 1956).



Осы кездерде бас сауғалап өзге елдерге барған қазақтар туралы әр елде әр түрлі түсінік пен атау қалыптасты. Біреулер жылы қарсы алса, ал енді біреулер барған қазақтарды мүмкіндігінше арзан еңбек күш немесе иесі жоқ, сұраусыз адамдар ретінде қарады. Мысалы, Түркия, Иран және Ауған елдері барған қазақтар жөнінде “босқындар”, “қашқындар” - деп атағанын әйгілі Мұстафа Шоқай өз мақаласында жазды. Қазақстан егемендігін алған соң, шетелдегі қазақтар туралы зерттеулер жандана бастады. Сол тұста, Зардыхан Қинаятұлының “Моңғолиядағы қазақтар” еңбегі, Гүлнар Омарованың “Қазақ диаспорасы. Философиялық талдаулар” зертеуі, Меңдіқұлова Гүлнардың “Казакская диаспора: история и современность” - атты монографиясы, Б.К. Қалшабаева қатарлы авторлардың ұжымдық еңбегі “Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы”-атты оқу құралын, Нәбижан Мұқаметханұлының “Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы” -атты еңбегін, Досан Баймолданың 2015 жылы жарық көрген “Еуропадағы қазақтар” - атты зерттеу еңбегін атап айтуға болады. “Шетел қазақтарын ғылыми тұрғыда зерттеудің әдістері мен тәсілдері жөнінде” - деп аталатын мақаласында, шетел қазақтарын зерттеудің қазіргі ғылыми бағыттағы деңгейін, ашып көрсетіп, бағыт-бағдар ұсынады (Қастер, 2014:248). Мақалада былай делінеді: Осы ізденістер барысында, шетел қазақтарына байланысты зерттеулердің жеткіліксіз тұстарын пайымдадым. Оларды ашалап айтар болсам, бастылары төмендегідей:

- Шетел қазақтарын зерттеу бір ізге түспеген, жүйелілік пен ұйымшылдықтың жоқ;
- Отандық ғалымдардың ішінде бұл тақырыппен шұғылданушылар аз;
- Жазылған дүниелердің көпшілігі конференциялардың материалдары, кітап немесе монография түріндегі жұмыстардың өте аз;
- Зерттеулер шетелдегі қазақтарды тек, тарихи, этнографиялық, саяси және мәдениеттану, эстетика, өнер, көші-қон мәселелері бойынша қарастырған;
 - Моңғолия, Қытай, Ресей, Өзбекстан елдеріндегі қандастарға арналған зерттеулер бар, ал Иран, Қырғызстан, Түркия, Еуропа қазақтары туралы сирек;
 - зертеушілер тек, өзі білетін ел, өзі түсінетін тілде ғана жазған. Олар арасында бір-бірінің еңбектерін түсінісу мүмкіндігі аз.
- Шетел қазақтарының географиясы, шаруашылығы, экономикалық-әлеуметтік жағдайы және геосаяси маңызы мүлде қаузалмаған. Бірақ, қазіргі күнде қазақ диаспорасына қатысты ел іші мен сыртында нақты материалдар бар. Оларды бір ізге келтіріп, жүйелі түрде ғылыми институт деңгейінде зерттеу керек. Болмаса, оларға қатысты түрлі негізсіз ойлар мен пікірлердің туындауы мүмкін (Mukanova, 2014). Бізде ғалымның ой-пікірлерімен толықтай келісеміз және осы проблемаларды азайту бағытында еңбек етуіміз қажет.

Нәтижелері мен талдау. Қазақ халқының әлемнің өте көп елдеріне таралуы ұзақ уақыттық отарлық, зорлықты сыртқы күштің әсерінде болған үдеріс. Оны тек, бір кезеңнің ғана салдары деп айтуға болмайды. Сондықтан қазақтардың өзге елдерге тәуелді аймақтарға



таралуының және сол жерді ұзақ уақыт мекендеп қалуының себептері мен барысын талдау аса қажет. Онсыз басқа зерттеулерді жасаудың реті келмейді. Жоғарыдағы себептерді қорыта келгенде, олардың қиыр жайлап қонуының барысын төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

Қазақ шетел асуының алғашқы кезеңі. Бұл XIII ғасырда болған соғыстар салдарынан қалыптасқан жағдай. Оған халық аңыздары мен жыр-дастандарда болған оқиғалар мен жер-су аттары дәлел болады. Одан кейін, XVII-XVIII ғғ. қазақ – жоңғар қарым – қатынасының шиленсуі қазақ ирреденталары мен қазақ диаспорасының бастауына үлкен себеп болды. Соның салдарынан 1757 жылы Цин империясы жоңғарларды біржолата талқандаған соң, олардың қол астында болған Тарбағатай, Іле аймағын, Жетісудың солтүстік аудандарын өз жері деп жариялады. Сондағы қазақ ру-тайпалары Қытай қол астында қалып, қазақ ирреденттерінің пайда болуын туғызды. Ал осы ирреденттердің ұрпақтары жергілікті биліктің қысымына төзбей, Тибет асып, Үндістан, Пәкістан арқылы Түркияға жетіп, одан ары Еуропа асып, бүгінгі күндегі қазақ диаспорасының қалыптасуына зор әсер етті.

Қазақ диаспорасының пайда болуының екінші кезеңі. Орталық Азияда Патшалық Ресей мен Қытай мемлекеті арасындағы шекараны анықтау кезі. Шекара тұрғылықты халықтың мүддесі ескерілмеген жағдайда жасалды. Осы шекаралық бөлініс кезінде қазақтар өмір сүріп жатқан Алтай, Тарбағатай және Іле өзенінің жоғарғы ағысы Қытай жағында қалды. Тарихи деректерге қарағанда, осындай жағдайдың әсерінен XIX ғ. соңында 100 мыңға жуық қазақтар шетелде қалып қойды. Қытай Халық Республикасы құрылған алғашқы жылдарында 500 мың қазақ өмір сүрген болса, қазір ресми деректер бойынша 1,5 млн. қазақ бар. Олардың басым бөлігі Шыңжаңда тұрған. Басты шаруашылығы: Қазақтардың басым көпшілігі (82,6%) егін, мал, орман шаруашылығы мен балық аулау кәсіпшіліктерінде еңбек етеді. (Ваң Лычуан, 2011:464). Қытай қазақтарының жалпы динамикасы туралы сол елдің 1953, 1964, 1982, 1990, 2000 және ең соңғы рет 2010 жылғы өткен жалпы халықтық санақтың (келесі санақ 2020 жылы өтеді) мемлекеттік ақпаратына сүйенсек былай қарастыруға болады (China`s ethnic statistical yearbook. 2011):

Table 4 - Dynamics of Kazakhs number in China (according to the population censuses)

Number of people					
1953	1964	1982	1990	2000	2010
509375	491637	907546	1110758	1250458	1462588
Average annual rates of increase, %					
1953-1964	1964-1982	1982-1990	1990-2000	2000-2010	
-0.31	4.69	2.79	1.25	1.69	

Қазақ диаспорасының пайда болуының үшінші кезеңі. Патша үкіметінің XX ғасырдың басындағы жүргізген аграрлық реформасының қазақ халқына тигізген әсеріне байланысты кезең. XX ғасырдың басында Ресейдің ішкі жағдайы қара топырақты орталық аудандарында жердің жетіспеушілігіне байланысты халықтың жағдайы қиындай бастады. Патша үкіметі бұл жағдайды шешу үшін отар елдерінің жеріне өз шаруаларыны қоныстандыру саясатын қолға алды. Осылайша қазақ жеріне қоныс аудару мәселесі пайда болды. Ол үшін қазақ жерлерін есепке алып, алдымен 18 млн. десятинадай жерді алды, оны қара шекпенділерге үлестірді. Тұрғылықты халық біртіндеп құнарсыз жерлерге ығыстырылды немесе жерінен айырылып қалды. Осылайша қазақтар Қытайға қарасты жерлерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Мәселен, Қапал уезінің қазақтары күшпеп ығыстырылды, одан соң 1909 жылы Жаркент уезінен 700 отбасы, 1912- 1914 жж. Шымкент уезінің қазақтары Қытайға ауа көшті. XX ғасырдың басында тұрғылықты қазақтардың жалпы саны 8-9 пайызға кеміді. Мысалы, 1911 жылғы есеп бойынша, Қытайға жер ауып барған қазақтардың саны 224 мың 900 адамға жеткен.

Қазақ диаспорасының пайда болуының төртінші кезеңі. Бұл 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі оқиғалармен байланысты уақыт. Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей империясына зор қиындық әкелді. Ресей бодандығындағы халықтар үшін де оңай болмады. Әсіресе, ауыр алым-салық, шұрайлы жерлердің тартып алынуы, босқындық, әділетсіздік



салдарынан қазақ халқы 1917 жылға келгенде 45 млн. десятина жерден айырылды. Оның үстіне азаматтардың соғыстағы қара жұмысқа алынуы қазақтардың патша үіметіне қарсы бүкіл Қазақстанды қамтыған ұлт-азаттық көтерілісіне ұластырды. Бұның нәтижесінде қазақ халқы тағыда Қытай, Моңғолия жеріне ауа көшті. Жетісу облысының әскери губернаторы А.И. Алексеевтің есебіне қарағанда, бұл облыстан Қытай жеріне көшіп кеткен адамдар саны 150 мыңнан асқан. Ал орыстың жазалау отрядтарынан қашқан 300 мыңнан астам қазақтар мен қырғыздар Құлжа мен Қашқар жеріне барып паналаған. Сөйтіп, бұл аймақтарды 270 мыңнан астам қазақтар қоныстанған. Ал Моңғолияға қанша қазақ көшіп келгені туралы нақты дерек жоқ. Тіпті, қазақтардың Моңғол жеріне ең алғаш қай жылдары көшіп келгені туралы да нақты дәйектер жоқ. Тек, тарихшы Ислам Қабышұлы қазақтар алғаш 1867 жылы келді деп жазады. Моңғолия ғалымы А. Shugatai былай жазады: “A major population of Kazakh live in Mongolia. As to when first Kazakh settlers arrived western Mongolia is not thoroughly researched so far” (Shugatai, 2014 a:121). Алайда қазіргі кезде Моңғолиядағы қазақтар туралы мәліметтерді алуға болады. Моңғолияның ұлттық статистика комитетінің мәлімітіне сүйенсек соңғы 70 жыл көлеміндегі қазақтардың санын алуға болады. Моңғолияда қазақ саны 1989 жылы ең жоғары деңгейге көтерілген. Ал 2000 жылдан кейін азаю беталысына көшкен. Оның себебі Қазақстанға қоныс аударумен байланысты.

Table 5. Number of Kazakh ethnics in Mongolia 1939 - 2010 (Population and Housing Census:2010)

1939 year	1956 year	1963 year	1969 year	1979 year	1989 year	2000 year	2010 year
24956	36700	477000	628000	84300	120400	102983	101526

Қазақ диаспорасының пайда болуының бесінші кезеңі. Бұл кезең Қазан төңкерісі мен азамат соғысы кезіне тұс келеді. Бұл кезде қазақтар басты үш бағытқа ауа көшкен. Басты бағыты Қытай, екінші бағыт Өзбекстан, үшінші бағыты – Ауғанстан және Иран. Қазан төңкерісінен кейін азамат соғысы кезінде шекараға жақын жатқан қазақтар шағын-шағын топтармен Қытай жеріне көше бастайды. Олар Тарбағатай тауын асып, Қытай жағындағы Алтай мен Іле өлкесіне орналасты. 1920 жылы Қазақ эмигранттарының бір бөлігі Иранға кетті. Осы кезде қазақ зиялылары Еуропаға дейін барды. Осы елдердің ішінде қазақтар ең көп тұратын ел - Өзбекстан. Онда қазіргі қазақтардың саны нақты емес. Салт-дәстүрін, жөн-жоралғыларын бұзбай ұстап, ардақ тұтып келе жатқан қандастарымыз негізінен диқаншылық кәсіппен және мал шаруашылығымен айналысады (Нысанбаев, 2004: 308).

Қазақ диаспорасының пайда болуының алтыншы кезеңі. Бұл кезең ауыл шаруашылығын ұжымдастыру дәуіріне (1930-1933 жж.) тұс келеді. Ашаршылықтан қазақ халқы жаппай босқынға айналып, 1 млн 300 мың адам сыртқа ауып кеткен. Мұның 414 мыңы қайта оралса, 616 мыңы шетелдерде мүлде қалып қойған. 200 мыңдай қазақтар Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран жерінде біржолата қалды. Ауғанстан жеріндегі қазақтар туралы хабарды Франц Шурманың «Ауғанстандағы моңғолдар» атты еңбегінен оқуға болады. Ханабад пен Андхой қалаларында қазақтар кедей жұмыскерлер сияқты өмір сүрген. Ал Герат қаласының жанындағы Қазақ сарайы деген жерде 500 қазақ тұрған. Жалпы, Ауғанстан жеріндегі қазақтардың өте шашыраңқылығына байланысты, олардың нақты санын білу өте қиын. Шамамен 24 мың қазақ өмір сүрген. Алайда Кеңес әскерінің Ауғанстан жеріне басып кіруіне байланысты қазақтар мен қырғыздар Иран мен Түркияға көшкен. Иранға 70 отбасы шықса, Түркияға көшіп барған қазақтар 500 отбасыға дейін жеткен. Еліміз егемендігін алғаннан кейін олардың 300 отбасына жуығы елімізге оралса, қазір Стамбулда 200-ге жуық отбасы тұрып жатыр.

Әлемде ең шоғырлы таралған қазақтар -Қытай еліне қарасты Іле қазақ автономиялық облысында мекендеген. Ал қарасты Іле қазақ автономиялық облысы Шынжаң Ұйғыр автономиялық ауданында (ШҰАА/Шынжаң) батыс-солтүстігінде орналасқан. Оның құрамына 5 автономиялық облыс бар. Олар: Байынғолын моңғол, Боратала моңғол, Сажы Дөңген, Қызылсу-Қырғыз және Іле-Қазақ автономиялық облыстары (www.xinjiang.gov.cn Xinjiang, 2016). Шынжаң ауданы геосаяси және геоэкономикалық тұрғыда Қытайдың аса маңызды



территориясы. Ол көптеген елдермен шектеседі және 16 кедендік бекеті бар. Шынжаңның көршілес елдері және олармен арадағы шекара ұзындығы төмендегідей:


Кесте 6. Шынжаң Ұйғыр автономиялық өңірінің көршілес елдері
Table 6. Neighboring countries of the Xinjiang Uyghur Autonomous Region.

Көршілес елдері	Шекара ұзындығы (шақырым)
Қазақстан Республикасы	1,718
Қырғызстан Республикасы	1000
Тәжікстан Республикасы	450
Ауғанстан Ислам мемлекеті	92
Пәкістан Ислам Республикасы	599,1
Үндістан	200
Монғолия	1,416
Ресей Федерациясы	55

Көрші 8 мемлекеттің ішінде Қазақстанмен арадағы шекарасы 1700 шақырымды құрайды. Осы ең ұзын шекара тек Іле қазақ автономиялық облысының аумағымен шектеседі. Шынжаң ауданы стратегиялық тұрғыда Қытай үшін қанша маңызды болса, оның батыс-солтүстік бөлігінде орналасқан, жер ауданы 350 мың шаршы шақырым әрі Қазақстан және Ресей Федерациясымен шектесетін, сыртқы шекара сызығының ұзындығы 421 шақырым келетін Іле қазақ автономиялық облысының геосаяси орнының маңыздылығы онан да бетер ауқымды. Іле қазақ автономиялық облысына (ІҚАО) Тарбағатай, Алтай сынды екі аймақ қарайды, әрі төте қарайтын Құлжа қаласы, Күйтун қаласы, Құлжа ауданы, Қорғас ауданы, Нылқы ауданы, Тоғызтарау ауданы, Күнес ауданы, Текес ауданы, Моңғолкүре ауданы және Шапшал Сібе автономиялық ауданы бар. Орталығы Құлжа қаласы.

Іле қазақ автономиялық облысына келетін болсақ, халқының саны 2018 жылы 4 млн 582 мың адамды құрады. Орташа тығыздығы 16 адам. Халық саны жалпы өсу бағытында. Негізгі тұрғындарын қазақ, қытай, ұйғыр, моңғол, дүнген, сібе, қырғыз сынды ұлт өкілдері құрайды. Пайыздық үлесін (3-суреттен қараңыз). Географиялық тұрғыдан қарағанда облыс халқының басым көпшілігі оңтүстікте қоныстанған.

3 сурет. ІҚАО-ның ұлттық құрамы (<https://kk.wikipedia.org>)
Figure 3. National composition of ICAO (<https://kk.wikipedia.org>)



Іле қазақ автономиялық облысы Қытай Халық Республикасының құрамындағы Шынжаң ауданында орналасқан аса ірі әкімшілік аймақ. Жалпы жер ауданы 268591 шаршы шақырым. Шынжаң аумағының 16 пайызын иелейді. Шынжаң ауданы 8 мемлекетпен шектеседі. Соның ішінде Қазақстанмен арадағы шекаралық 1700 шақырым мен РФ арасындағы 420 шақырымдық шекара ұзындығы осы облыс аумағы арқылы шектеседі. Бұл облыста Қытайдағы барлық этникалық қазақтардың басым көп бөлімі қоныстанған. Облыстың жалпы табиғат жағдайы климаты қоңыржай белдеулік құрғақ, суық ауа климатына жатады. Топырағы құнарлы, су ресурстары да жеткілікті. Одан тыс, облыстың табиғи ресурстарының да түрі мен қоры мол. Бір ауыз сөзбен айтқанда, аса қолайлы, стратегиялық мәні зор, табиғат жағдайы мен ресурстары мол аймақ. Бұл жерде қазақтар тарихтан бері қоныстанып, өсіп - өніп келеді. Қазіргі жан саны 4 млн. 582 мың адам. Оның ішінде қазақтар 30 пайызға жуық). Қазақтар қоныстанған негізгі аудандар төмендегі № 7 кестеде көрсетілген:



Қорытынды. Адамзат тарихына көз жібергенімізде, халықтың ішкі және сыртқы көші-қоны, диаспораларының қалыптасу үрдісі бұрыннан бар және ол көптеген халықтарға тән, ортақ үрдіс. Алайда, олардың арасында қалыптасудың себебі мен салдары әр түрлі. Ол сол кездегі саяси-тарихи шарт-жағдай мен ұлттың немесе азаматтардың жеке шешімімен байланысты. Бұл туралы танымал әлеуметтанушы, саясаттанушы ғалымдар Стивен Каслс Марк Дж. Миллер былайша қорытындылайды: “population shift from countries are not similar amongst themselves and is defined by personal decisions of people taking part in the shifting and is a function of globalizing economy” (Castles, 2003:21-49). Демек, бұл да адамзат өркениеті мен экономиканың ғаламдануындағы бір функция ретінде қаралатын және бағаланатын құбылыс.

Еліміздің тарихына үңілсек, халқымыздың басына түскен ауыр жағдайлардың аз болмағандығын байқалады. Сондай қиындықтардың әсерінен азып-тозып, елін-жерін тастап бас сауғалап жан-жаққа ауа көшкендері де болған. Оны біз ел аузында сақталған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сияқты аңыздар мен “Қаратаудың басынан көш келді” дегендей зарлы әндер тегіннен - тегін шықпағаны анық. Бұлардың қазақ деген азғантай халықтың дүниежүзінің жартысына жуық кең аумаққа таралып кетуіне себеп болды.

Жалпы қазақ диаспорасының пайда болуында ұзақ тарихи даму үдерісі себеп болды. Еуразияның кең даласын еркін жайлаған халқымыз, өз заманында ешкімге дес бермеген алып империя болды. Бірақ тарих сахнасынан көшпенділердің кетуі, батыс әлемінің техникалық төңкеріске өтуі басты себеп болды. Бұрынғыдай ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, жүрек жұтқан батырлықпен, жаудың бетін қайтару қиын болды. Осылайша, көшпенділер өздерінің жаратқан құндылықтарынан біртіндеп ажырап, ақыры күшті елдердің боданына айнала бастады. Ұзақ даму тарихынан қарағанда қазақ диаспорасының пайда болуының кезеңдері мен себептері де әр алуан болған. Жинақтап айтқанда, XVIII-XIX ғғ. болған жаугершілік пен ұлт-азаттық қозғалыстары, XX ғасырдың бірінші жартысындағы Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, азамат соғысы, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін бәрі де қазақ халқының алыс-жақын елдерге жаппай қоныс аударуына алып келді. Бұған қоса XIX ғ. аяғы мен XX ғ. 20-жылдарында болған шекара бөлінісі кезінде қазақ халқының бір бөлігі Қазақстаннан бөлініп қалды. Шетелдердегі қазақтардың тұрмысы ауыр болды, көптеген қиыншылықтарды бастарынан өткізді. Қазақстанның тәуелсіздік алуы олардың өшкен үмітін оятты. Шетелдегі қазақтардың бір бөлігі отандас мәртебесін алып, Қазақстанға қайтып оралды, қалғандары тарихи Отандарымен әртүрлі деңгейде байланыс орнатты. Егемендік алған соң, қазақстанда және шетелдерде қазақ диаспорасына қызығушылық пайда болып, оларды зерттеу жаңа серпінмен басталды (Оралтай, 1999: 730).

Жалпы алғанда қазақ диаспорасының өзіндік ерекшеліктері бар. Ол негізінен екі топқа бөлінеді: бір тобы – ата-бабаларының жерімен, туған аумақтарымен бірге бөтен шет мемлекеттің қарауына еніп кеткен қазақтар (мысалы, Шыңжаң, Іле, Тарбағатай). Екінші тобы – шекаралас мемлекеттердің отаршылдық саясатының жеке кеңістік әкімшілік-әміршілдік жүйенің салдарынан бөтен елде қалып қойған қазақтар.

Кесте 7. Қытай қазақтарының қоныстанған аумақтық-әкімшілік бөлінісі, халық саны, жер аумағы

Table 7. Territorial-administrative division where Chinese Kazakhs settled, population, land area.

Жер атауы	Халық саны (он мың)	Орналасу тығыздығы (адам/шаршы шақырым)	Жер ауданы (шаршы шақырым)
Қарасты аудан, қалалар	255,65	3,63	56381,53
Құлжа қаласы	43,03	3,48	524,94
Күйтун қаласы	29,91	2,91	1109,89
Іле ауданы	36,27	4,22	4681,90
Шапшал Сібе автономиялық ауданы	16,76	3,48	4471,95
Қорғас ауданы	36,44	3,52	5429,83
Тоғызтарау ауданы	16,22	3,81	4326,90
Күнес ауданы	29,76	3,85	6813,74



Моңғолкүре ауданы	15,89	3,60	11127,91
Текес ауданы	15,69	4,14	7764,10
Нылқы ауданы	15,67	3,98	10130,37
Тарбағатай аймағы	96,63	3,30	94698,78
Шәуешек қаласы	15,95	3,27	3991,25
Усу қаласы	21,03	3,33	14299,86
Дүрбілжін ауданы	20,12	3,04	9448,37
Сауан ауданы	20,30	3,31	12676,58
Толы ауданы	8,91	3,81	19977,34
Шағантоғай ауданы	5,34	3,42	6112,13
Қобықсары ауданы	4,99	3,51,	28192,65
Алтай аймағы	62,30	3,57	117699,01
Алтай қаласы	22,63	3,32	10829,06
Буыршын ауданы	6,59	3,74	10357,35
Жеменей ауданы	3,76	3,11	7152,30
Көктоғай ауданы	8,58	3,87	32186,11
Бұрылтоғай ауданы	7,16	3,59	33250,74
Қаба ауданы	7,97	3,71	8166,58
Шіңгіл ауданы	5,62	4,27	15576,87

Мейлі қайсысы болмасын еліміздің өркендеуіне тілектес әрі Қазақстан үкіметі де олардың елге оралуына көп жағдай жасады әрі жасап та келеді. Соның бірі - соңғы жылдары құрылған «Отандастар» қорының құрылуы болды. Бұдан бұрынғы жасалған көмектерді айтпағанда осы қордың өзі бастапқы екі жобаны жүзеге асыруға кірісіп кетті. Оның бірі бірнеше жыл бойы жұмыс істеп келе жатқан Ақмола облысының Аршалы ауданында, Шымкент қаласында жасалған «Асар» жобасы болып, «Тұрғын үй және жұмыс» жаңа форматында жүзеге асуда. Енді бірі Нұр-Сұлтан қаласынан 10 шақырым жерде 42-ші разъездің қасынан ауыл шаруашылығына арналған 196 гектар жерді сатып алып, оның барлық қажетті құжаттарын дайындап жер телімдерін 1282 отбасыға беру болды (Зауытбек, 2019). Қазіргі тұрақсыз әрі болжап болмайтын халықаралық геосаяси және геэкономикалық жағдайда, еліміз егемендігінің баянды болуында халық санының жеткілікті болуы шарт. Мемлекетіміз тәуелсіздігін алғаннан бері алыс-жақын елдерден 1 млн.-нан астам қандастарымыз көшіп келді. Олар орташа есеппен кемі бес жылдық Қазақстан халқының табиғи өсімін құрады. Бұл жақсы көрсеткіш. Алайда, біздің шетелдегі қандастарымыздың негізгі бөлімі әлі тарихи отанға ораламады. Оған әр түрлі себептер әсер етіп келеді. Белгілі мәннен алғанда, мемлекетіміздің кейбір белгілемелері мен заңдық-құқықтық негіздері де өз әсерін жасағаны анық. Қалай болмасын, шетелдегі қазақтарды атамекенге оралту ең алдымен қазақ үкіметіне керек. Сол үшін еліміз үкіметі қолынан келгенше жағдай жасап, оларды көшіріп алудың қарекетіне белсене кірісу заман талабы. Ал ол үшін шетел қазақтарын зерттеудің бірыңғай, жүйелі ғылыми негізі мен арнаулы мекемелері құрылуы кезек күттірмес өзекті мәселе.

Қазақстан егемендігін алған соң Қытайға қарата ашылған 4 маңызды кедендік бекет осы облыс аумағына қарасты. Барлық жолаушы және жүк тасымалы осы кедендер арқылы өтіп келеді. Сондықтан Іле қазақ автономиялық облысы Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және саяси-әскери қарым-қатынастардың баршасында аса маңызды орын болып табылады. Сол үшін бұл облыстың әлеуметтік-экономикалық және табиғи ресурстық әлеуетін, әкімшілік-демографиялық ерекшелігін зерттеудің маңызы зор.

Әдебиеттер

Әкім, 2017 - Әкім Ысқақ. «Халықтың көші-қон туралы» Заңы қалай қабылданды [Электронды ресурс] URL: [https://www.inform.kz/\(кірген уақыты: 13.12.2017\)](https://www.inform.kz/(кірген уақыты: 13.12.2017)).

Ван, 2011 - Ваң Лычуан. Батысты игерудегі Шынжаң экономикасы. Урімжі: Шынжаң халық. 464 бет.

Диаспора - <http://kk.wikipedia.org/wiki/диаспора>

Досан, 2015 – Досан, Баймола. Еуропадағы қазақтар (тарихы және бүгінгі жағдайы. Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының “Атажұрт” баспасы, 2015. 192 б.



- Іле Қазақ, 2018 - <https://kk.wikipedia.org> // Іле Қазақ автономиялық облысы. 09.01.2018.
- Қазақстан Республикасындағы, 1997 - “Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы” Заң. 11-шілде, 1997 ж.
- Қазақстан халқы, 2023 - Қазақстан халқы туралы мәлімет. www.stat.gov.kz//15.05.2023
- Қазақстанға, 2014 - Қазақстанға 24 жылда 952,8 мың оралман келді// Қазақ әлем.kz. 16.01.2014.
- Қазақстанда, 2023 - Қазақстанда қазақтардың үлесі 70,7 пайыз болды. <https://www.azattyq.org/a/32399562.html>// 6 мамыр 2023 жыл
- Күнсұлтан, 2019 - Күнсұлтан О. Әлемде 20 млн. қазақ бар [Электронды ресурс] URL: <https://www.skifnews.kz/>(кірген уақыты: 12.04.2019).
- Меңдікұлова, 1997 - Меңдікұлова Г.М. Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры. Пайда болуы мен дамуы. Алматы: Ғылым, 1997. 262 б.
- Назарбаев, 2002 - Назарбаев Н.Ә. Бұл құрылтай – қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі // Ақиқат. 2002. № 12. 8-12-бб.
- Нысанбаев, 2004 - Нысанбаев Ә. Қазақ диаспорасының бүгіні мен ертеңі. Алматы. 308 б.
- Нысанбаев, 2007 - Нысанбаев Ә. Еуразиялық интеграция жүйесіндегі қазақтардың бірегейленуі. Алматы, 2007. 9-42 б.
- Нысанбаев, 2012 - Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Алматы: «Атажұрт». 375 б.
- Оралтай, 1999 - Оралтай Х. Елімайлап өткен өмір. Стамбул. 730 б.
- Сарқытқан, 2014a - *Сарқытқан Қастер*. Шетелдегі қазақтың ұлы тұлғаларына да құрмет көрсетілу керек // *Қамшы.kz*. 19.01.2014.
- Сарқытқан, 2014b - *Сарқытқан Қастер. Шетел қазақтарын ғылыми тұрғыда зерттеудің әдістері мен тәсілдері жөнінде // «Орталық азияның қазақ диаспорасы: тарих-мәдениет-ескерткіштер». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы: Елтаным, 2014. 248-253 б.*
- Сарқытқан, 2015 - *Сарқытқан Қастер. Қазақ диаспорасы мен ирреденттері және Қазақстан // Абай атындағы ҚазҰПУ “Хабаршы”. 2015. # 4.*
- Тәуелсіздіктің, 2021 - Тәуелсіздіктің 30 жылында қанша қандас елге оралды? <https://baq.kz/12.07.2021ж>
- Тоғжанов, Кан, 2015 - Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В. Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. Алматы: ҚАЗАқпарат. 342 б.
- Тұрысбеков, 2019 - Тұрысбеков З. Тағы да 1 миллион қазақ тарихи Отанына оралады. [Электронды ресурс] URL: <https://www.portal.egemen.kz> (кірген уақыты: 09.04.2019).
- Castles et al, 2003 - Castles, Stephen and Mark J. Miller. Migratory Process the Formation of Ethnic Minorities; The Age of Migration. New York: Guilford Press, 2003. Pp. 21-49.
- China’s, 2011 - China’s ethnic statistical yearbook. Beijing, 2011.
- Diener, 2009 - Diener A. One Homeland or Two? The Nationalization and Transnationalization of Mongolia’s Kazakhs. Palo Alto, CA: Stanford University Press. 405 p.
- Godfrey, 1956 - Godfrey Lias. Kazak Exodus. London: Evans. 247 p.
- Mukanova, 2014 - Mukanova G.K. The Kazakh Expatriate Community of the XX Century through the Prism of Diplomacy. Bylye Gody. 2013. № 31 (1). Pp. 82-85.
- Number of, 2010 - Number of Kazakh ethnics in Mongolia (1939 - 2010). Mongolia, National Statistic Office. Population and Housing Census. Ulaanbaatar, 2010. 378 p.
- Shokai, 2013 - Shokai M. Complete Works: 12 volume editions. Almaty: Dyke-Press. 2013. Vol 7. 300 p.
- Shugatai, 2014 - Shugatai A. Exernal migration and Kazakh ethnic’s settlement of Mongolia. Ulan-baator, 2014. 121 p.
- Xinjiang, 2016 - The Year in Review. www.xinjiang.gov.cn Xinjiang, 2016.

References

- Akim, 2017 - *Akim Iskak. Kalykting koshi-kony turaly» zangy kalai kabyldandy?* [How the law" on migration of the population" was adopted]. URL: <https://www.inform.kz/>/(13.12.2017) (In Kaz.)
- Castles, Miller, 2003 - *Castles, Stephen and Mark Miller. Migratory Process the Formation of Ethnic Minorities; The Age of Migration. New York: Guilford Press, 2003. Pp. 21-49.*
- China’s, 2011 - China’s ethnic statistical yearbook. Beijing, 2011 year.
- Diaspora - <http://kk.wikipedia.org/wiki/diaspora>
- Diener, 2009 - *Diener A. One Homeland or Two? The Nationalization and Transnationalization of Mongolia’s Kazakhs. Palo Alto, CA: Stanford University Press. 405 p.*
- Dosan, 2015 - *Dosan Bamola. "Europadagy qazaqтар (tarіhy jane bugingі jagday)"* [Kazakhs in Europe (history and current state)] / Almaty: Duniejuzi qazaqtary qauymdastygynyng "Atajurt" baspasy, 2015. 192 p. (In Kaz.)
- Godfrey, 1956 - Godfrey Lias. Kazak Exodus. London: Evans. 245 p.



- Ие Kazakh, 2018 - Ие Kazakh autonomyalik oblysy <https://kk.wikipedia.org/Ие Қазақ автономиялық облысы>. 09.01.2018
- Kunsultan*, 2019 - *Kunsultan* O. Alemde 20 mln. Kazak bar [There are 20 million Kazakhs in the world]. URL: <https://www.skifnews.kz/12.04.2019> (In Kaz.)
- Mengdiqulova, 1997 - *Mengdiqulova G.M.* Qazaq diasporasynyng tarıhı tagdyry. Paıda boluy men damuy [Historical fate of the Kazakh diaspora. Origin and development]. Almaty: Gylym, 1997. 262 p. (In Kaz.)
- Mukanova, 2014 - *Mukanova G.K.* The Kazakh Expatriate Community of the XX Century through the Prism of Diplomacy. *Bylye Gody*. 2014. No. 31 (1). Pp. 82-85.
- Nysanbaev A. Eurazıalyq integrasiya juiesindegi qazaqtardying biregeilenui. – Almaty, 2007. – 9-42 b.
- Nazarbaev N.A. Bul quryltai – qazaq halqynyng janga myngjyldyqqa birtutas ult retinde nyq qadam basqanynyng belgisi // *Aqiqat*. – 2002. – № 12. – 8-12-bb.
- Tauelsizdikting 30 jylynda qansha qandas elge oraldy? <https://baq.kz/12.07.2021> j.
- Tokjanova E.L., Kan G.V., (2015)Kazakhstan halqy assambleiasy:20 jyldyk tarih [Assembly of People of Kazakhstan: 20 years history] – Алматы: ҚАЗАқпарат. -342 б.
- Number of, 2010 - Number of Kazakh ethnics in Mongolia (1939 - 2010). Mongolia, National Statistic Office. Ulaanbaatar: Population and Housing Census, 2010. 378 p.
- Nysanbaiev, 2004 - *Nysanbaiev A.* Kazak diasporasynyng bugini men ertengi [Current status and prospects of the diaspora of Kazakhs]. Almaty, 2004. 308 p.
- Nysanbayev, 2012 - *Nysanbayev A.N.* Kazakhstan jane sheteldegı kazaktar [Kazakhs in Kazakhstan and abroad]. Алматы: Атажұрт. 375 p. (In Kaz.)
- Oraltai, 1999 - *Oraltai Xasan.* Elim-ailap otken omir [Struggle for the nation]. Istanbul, 1999. 730 p. (In Kaz.)
- Qazaqstanga, 2014 - Qazaqstanga 24 jylda 952,8 ming oralman keldi [952.8 thousand oralman arrived in Kazakhstan for 24 years] // *Qazaq alem.kz*. 16.01.2014. (In Kaz.)
- Qazaqstan halqy, 2023 - Qazaqstan halqy turaly malimet [Information about the people of Kazakhstan]. www.stat.gov.kz/15.05.2023. (In Kaz.)
- Qazaqstan Respublikasyndagy, 1997 - "Qazaqstan Respublikasyndagy tilder turaly" zang [Law "On languages in the Republic of Kazakhstan"].11.07.1997. (In Kaz.)
- Qazaqstanda qazaqtardying ulesi 70,7 payz boldy. <https://www.azattyq.org/a/32399562.html>// 06.05.2023 j. (In Kaz.)
- Sarqytkan, 2014a - Sarqytkan Kaster. Sheteldegı qazaqtyng uly tulgalaryna da qurmet korsetilu kerek [It is also necessary to pay tribute to the great Kazakh people abroad]. qamshy.kz/19.01.2014 (In Kaz.)
- Sarkytkan, 2014b - Sarkytkan Kaster. Shetel kazaktaryn gylmy turgyda zertteudin adisteri men tasilderi joninde [About methods of scientific research of foreign Kazakhs]. In.: Kazakh Diaspora of Central Asia: historical and cultural monuments. Almaty: Eltanym, 2014. Pp. 248-253. (In Kaz.)*
- Sarkytkan, 2015 - Sarkytkan Kaster. Kazak diasporasy men irredentteri jane Kazakhstan [Kazakh's Diaspora and irredenta and Kazakhstan]. Almaty: Bulletin of KazNPU named after Abai. 2015. Nr. 4. (In Kaz.)*
- Shokai, 2013 - Shokai M. Complete Works: 12 vol. editions. Almaty: Dyke-Press. Vol. 7.
- Shokai, 1931 - *Shokai M.* Yash Turkistan. 1931. Nr. 2. In: Complete Works: 12 volume editions. Almaty: Dyke-Press. 2013. Vol 7. 300 p.
- Shugatai, 2014 - *Shugatai A.* Exnernal migration and Kazakh ethnic`s settlement of Mongolia. 121 p.
- Togzhanov, Kan, 2015 – *Togzhanov E.L., Kan G.V.* Kazakhstan halky Assambleiasy [Assembly of People of Kazakhstan: 20 years history]. Almaty: KAZnform. 342 p. (In Kaz.)
- Turysbekov, 2019 - *Turysbekov Zauytbek.* Tagy 1 million kazak tarixi Otanyna oralady [Another 1 million Kazakhs will return to their historical homeland]. URL: <https://www.portal.egemen.kz> 09.04.2019. (In Kaz.)
- Van, 2011 - Van Lychuan.* Banysty igerudegi Shynzhan ekonomycasy [Xinjiang economy in the Development of the Western region]. Urimji: Shynjang halyq. 464 p. (In Chinese).
- Xinjiang, 2016 - www.xinjiang.gov.cn Xinjiang 2016 - The Year in Review. Xinjiang, 2016.



МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasseanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРΙΑ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтенов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
